

А.Қ. Таусоғарова*¹ , Л.О. Жолдасбек² , Ф.Е. Сабырбаева³ 

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

²Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Қазақстан, Шымкент қ.

³М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Қазақстан, Тараз қ.

e-mail: ayauzhan1971@gmail.com

КОММУНИКАТИВТІ ЖАҒДАЯТТАҒЫ ҚАҚТЫҒЫСТЫ СӨЙЛЕУ АКТІЛЕРІ

Бүгінгі күні масс-медиа құралдарында – ғаламтор сайттарында, әлеуметтік желілерде (Facebook, YouTube), WhatsApp жеке чаттарында ауызша және жазбаша формаларда таратылған жазбалар мен жарияланымдар тараптар арасында қақтығыстардың туындауына түрткі болатын кездері аз емес. Бұл тілдің қақтығысты коммуникативтік жағдаяттың факторы болу мүмкіндігін және қақтығысты жағдаяттың құралы ретіндегі қызметін зерттеудің өзектілігін танытады. Және аталған мәселенің шешімі қазіргі қазақстандық ғылым кеңістігіндегі салыстырмалы түрде жас сала – тілдік қақтығыстанудың (лингвоконфликтология) теориялық және әдістемелік жағынан дамуын қажет етеді. Осыған байланысты мақалада қақтығысты коммуникативтік жағдаяттың лингвистикалық факторлары, коммуникативтік жағдаяттағы қақтығысты сөйлеу актілері, қақтығысты жағдаяттағы сөйлеу стратегиялары мен тактикалары ұғымдары нақты мысалдар негізінде қарастырылады. Адресатқа деструктивті (жағымсыз) ықпал етуге бағытталған сөйлеу болып табылатын тілдік агрессия, тілдік зомбылық, қорлау сөйлеу актілеріне тән лингвистикалық белгілер мен олардың өзара айырмашылықтарын анықтау мақсаты көзделеді. Ғаламтордан, жеке өмірлік жағдайлардан алынған коммуникативтік жағдаят материалдарындағы сөйлеу актілерін талдау нәтижесінде тілдің қақтығыс құралы ретіндегі қызметі талданылады. Тұрмыстық т.б. экстралингвистикалық факторлар негізінде туындаған конфронтативті қақтығысқа тән сөйлеу тактикаларының жиынтығы анықталады. Қорлау сөйлеу актілерінің тіл және заңгерлік салалар тоғысындағы мәселелері нақты коммуникативтік жағдаят деректері мысалында талданылады.

Түйін сөздер: коммуникативтік жағдаят, сөз қақтығысы, қақтығысты сөйлеу актілері, тілдік агрессия, тілдік зомбылық, қорлау сөйлеу актісі, сөйлеу стратегиясы, сөйлеу тактикасы.

A.K. Tausogarova*¹, L.O. Zholdasbek², F.E. Sabirbaeva³

¹Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

²Mukhtar Auezov South Kazakhstan University, Kazakhstan, Shymkent

³M.Kh.Dulaty Taraz regional university, Kazakhstan, Taraz

e-mail: ayauzhan1971@gmail.com

Conflicting speech acts in a communicative situation

Nowadays, there are many cases when messages and publications distributed orally and in writing in the media-Internet sites, social networks (Facebook, YouTube), personal WhatsApp chats, provoke conflicts between the parties. This indicates the possibility of the language existence as a factor of a conflict communicative situation and the topicality of studying its activities as a tool of a conflict situation. The solution of this problem requires theoretical and methodological development of a relatively new branch in the modern Kazakh scientific sphere – linguo-conflictology. In this regard, the article examines linguistic factors and conflicting speech acts, speech strategies and tactics in conflict situations on specific examples. The article aims to identify linguistic signs and their mutual differences, linguistic aggression, linguistic violence, insults, characteristic of speech acts aimed at destructive (negative) impact on the addressee. The use of language as a means of conflict is analyzed as a result of the analysis of speech acts on the material of a communicative situation obtained from the Internet, as well as personal life situations. On the basis of extra-linguistic factors, a set of speech tactics characteristic of a confrontational conflict is determined. The article analyzes the issues of offensive speech acts on the example of the actual communicative situation at the intersection of linguistics and jurisprudence.

Keywords: communicative situation, speech conflict, conflicting speech acts, linguistic aggression, linguistic violence, linguistic aggression acts, speech strategy, speech tactics.

А.К. Таусоғарова^{1*}, Л.О. Жолдасбек², Ф.Е. Сабирбаева³

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

²Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова, Казахстан, г. Шымкент

³Таразский региональный университет им. М.Х. Дулати, Казахстан, г. Тараз

*e-mail: ayauzhan1971@gmail.com

Конфликтные речевые акты в коммуникативной ситуации

На сегодняшний день немало случаев, когда сообщения и публикации, распространяемые в устной и письменной формах в средствах массовой информации – интернет-сайтах, социальных сетях (Facebook, You Tube), личных чатах WhatsApp, провоцируют возникновение конфликтов между сторонами. Это свидетельствует о возможности существования языка как фактора конфликтной коммуникативной ситуации и актуальности изучения его деятельности как инструмента конфликтной ситуации. И решение данной проблемы требует теоретического и методологического развития сравнительно молодой отрасли на современном казахстанском научном пространстве – лингвоконфликтологии. В этой связи в статье рассматриваются лингвистические факторы и конфликтные речевые акты, речевые стратегии и тактики в конфликтных ситуациях на конкретных примерах. В статье ставится цель выявления языковых признаков и их взаимных различий, языковой агрессии, языкового насилия, оскорбления, характерных для речевых актов направленных на деструктивное (негативное) воздействие на адресата. В результате анализа речевых актов на материале коммуникативной ситуации, полученных из интернета, а также личных жизненных ситуаций, анализируется использование языка как средства конфликта. На основе экстралингвистических факторов определяется совокупность речевых тактик, характерных для фронтативного конфликта. В статье анализируются вопросы оскорбительных речевых актов на примере фактической коммуникативной ситуации на стыке лингвистики и юриспруденции.

Ключевые слова: коммуникативная ситуация, речевой конфликт, конфликтные речевые акты, языковая агрессия, языковое насилие, оскорбительный речевой акт, речевая стратегия, речевая тактика.

Кіріспе

Көзқарас, пікір, мақсат-мүдде қайшылығы я олардың әр түрлілігіне байланысты екі немесе одан да көп тараптардың бір-біріне саналы түрде залал (физикалық немесе вербалды) келтіруге бағытталған әрекеті ретінде анықталатын қақтығысты жағдаяттың жүзеге асуы барысында тіл басты құралдардың бірі болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, Адамға тіл тигізу, сөзбен қорлау, балағаттау сөйлеу актілері басым жағдайларда қақтығысты коммуникативтік жағдаяттың көрсеткіштері ретінде қарастырылады. Өз кезегінде, қоғам тарапынан теріс бағаланатын және соңы түрлі жағымсыз жағдайлармен аяқталып жататын қақтығысты коммуникативтік жағдаяттардың алдын алу немесе қақтығысты жағдаяттан шығу моделін жасау үшін тілдің коммуникация үдерісіндегі қолданысын, вербалды қақтығыстағы сөйлеу стратегиялары мен тактикаларын зерттеу маңызды болып табылады. Осы мәселелер шешімінде ұсынылып отырған ғылыми мақалада лингвистикалық факторлардың қақтығысты коммуникативтік жағдаятқа түрткі болу және құқықбұзушылық мүмкіндіктерін, иллокутивтік (интенционалдық мақсаты, адресатқа жағымсыз ықпал етуге ба-

ғытталуы) және перллокутивтік (адресатқа ықпалының салдары) деңгейлерден тұратын қақтығысты сөйлеу актілерінің стратегиялары мен тактикаларын, қақтығысты сөйлеудің қазіргі юрислингвистика саласында саралануын түрлі зерттеулер негізінде талдау мақсаты көзделді. Қақтығысты сөйлеу актілеріне тән белгілерді анықтау коммуникативтік жағдаят деректерін коммуникативтік мақсат, коммуниканттардың ниеті, сөйлеу стратегиясы мен тактикасы тұрғысынан зерттеуге бағытталған дискурсивті талдау және олардың құқықбұзушылық мүмкіндіктерін заңгерлік сала зерттеушілерінің ғылыми тұжырымдарымен сәйкестікте зерттеу міндеттерін алға тартты.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Бүгінгі күні масс-медиа құралдарында – ғаламтор кеңістігі сайттарында ауызша және жазбаша формаларда, әлеуметтік желілерде (Facebook, You Tube), WhatsApp жеке чаттарында көрініс тапқан қақтығысты коммуникативтік жағдаят мысалдары лингвистикалық зерттеулердің материалдары ретінде қарастырылады. Қақтығысты коммуникативтік жағдаят үдерісіндегі агрессивті сөйлеу, тілдік зомбылық, қорлау сөйлеу актілерін талдауда сөйлеу коммуникациясы теориясы, праг-

малингвистика, тіл семантикасы, функционалды синтаксис, дискурс теориясы салаларының зерттеу әдіс-тәсілдері маңызды орын алады. Қақтығысты жағдаят үдерісіндегі коммуникант сөздерінің функционалды ерекшеліктері мен коммуникативтік мақсаты сөйлеу актілерінің теориясы принциптері тұрғысынан, ал сөйлеу стратегияларымен тактикалары дискурс-талдау әдісіне сәйкес талданылады.

Әдебиеттерге шолу

Қақтығысты коммуникативтік жағдаяттар, соның ішінде, вербальды қақтығыстар лингво-конфликтология, юрислингвистика, сот-лингвистикалық сараптама сияқты ғылым салаларының зерттеу нысанына айналып отыр. Қақтығысты коммуникативтік жағдаят табиғатын зерттеу үшін отандық және шетелдік сөйлеу актілері теориясы саласы бойынша Дж.Остин (Austin J., 1962), Г.П. Грайс (Grice H., 1975), Дж. Лич (Leech G., 1983), П. Рикёр (Рикёр П., 1995), Л.М. Шайкенова (Шайкенова Л., 2007) т.б. іргелі ғылыми еңбектері басшылыққа алынды. Сондай-ақ масс-медиа жарияланымдарындағы тілдік агрессия, өшпенділік тілі ұғымдары және олардың этникалық, діни қақтығыстардың факторы ретінде қарастырылуы туралы Р.Д.Қарымсақова, А.Э. Сванкулов (Қарымсақова Р., Сванкулов А., 2019), А.К. Алтаева (Алтаева А., 2021) сияқты отандық зерттеушілердің еңбектеріне шолу жасалды.

Сөз қақтығыстарының фреймдік құрылымы мен оның түрлі әлеуметтік-тілдік жағдаяттарда жүзеге асуы Bihunov Dmytro (Bihunov D., 2018), О.Я. Гойхман, Надеина Т.М. (Гойхман О., Надеина Т., 2001), В.Я. Труфанова (Труфанова В., 2001), Н.Д. Голев (Голев Н., 2008), Т.В. Гамалей (Гамалей Т., 2006), Г.В. Кожевникова (Кожевникова Г., 2006), Т.С.Шахматова (Шахматова Т., 2013), Г.В. Кусов (Кусов Г., 2011), Я.А. Волкова (Волкова Я., 2012) т.б. зерттеулерінде көрініс тапқан. Бұл көрсетілген зерттеулерде коммуникативті жағдаят үдерісінде қақтығыстың туындауы, лингвистикалық және экстралингвистикалық факторларымен бірге қақтығысты сөйлеу актілеріне тән сөйлеу стратегиялары мен тактикалары тұрғысында талдау жасалады.

Зерттеу нәтижелері мен талқылау

Лингвоқақтығыстану саласындағы зерттеулердің нәтижесінде тұлғааралық т.б. қақтығыс

туындауының өзара қарсы екі тараптың мүдде, пікір, көзқарас қайшылығы сияқты экстралингвистикалық факторларынан бөлек, субъектінің тілді қолдануы барысында сәтті коммуникация шарттарын бұзу тұрғысындағы лингвистикалық факторлары да көрсетіледі. Бұл, біріншіден, адресант тарапынан айтылған сөздің адресат тарапынан дұрыс түсінілмеуі немесе тілдік таңбаны коммуниканттардың кодтауы мен декодтауы үдерісіндегі сәйкессіздіктер. Мысалы: репатрианттардың қазақ тіліндегі орыс тілінен енген сөздерді дыбыстауда оның семантикалық жағынан бұрмаланып, мүлде басқа мағынада түсінілуіне алып келуі: техникалық жөндеу орталығында *ремень* сөзін *ермен* түрінде айтып сұрауы; қазақ және орыс тілдері сөздерін араластырып сөйлеу кезінде кірме сөздердің адресат тарапынан дұрыс декодталмауы: «Любой банктен оқу ақшасын төлей аласыз» сөзі бойынша адресаттың «Любой» деген атаумен банкті іздеуі, ал бұл жерде адресант «любой» сөзін кез келген банк мағынасында қолданған т.б..

Жалпы «Коммуникативтік жағдаяттың сәтті жүзеге асуының факторы ретінде коммуникаторлардың бір ғана тілдік кодты, яғни ақпаратты кодтау және декодтау үдерісінде бір тілдің жүйесіндегі таңбалармен сигналдар пайдалануы көрсетіледі» (Bihunov D., 2018: 9 бет). Десе де, жоғарыда келтірілген сәтсіз коммуникативтік жағдаяттар мысалдары коммуниканттардың әрдайым таза бір тілдік таңбалар мен сигналдарды қолданбайтынын, және осы орайда түсініспеушіліктің орын алатынының дәлелі болады. Тілдік таңбаның коммуниканттар тарапынан интерпретациясының субъективтілігін, көпмәнділігін коммуникативтік сәтсіздіктердің, тіпті тілдік қақтығыстардың бастапқы факторлары қатарында қарастыруға болады. П. Рикёр: «Кез келген сөз (сөйлеу өнімі) көптеген интерпретация жиынтығының әлеуетін қамтуы мүмкін, демек, олардың әрқайсысы (әрбір интерпретация) коммуникативті қақтығыстарының детерминантына айналуы мүмкін» (Рикёр П., 1995: 69). Сонымен қатар «Авторлық коммуникативтік ниеттің адресат тарапынан түрлі интерпретациясы болуының мүмкіндігі қақтығыстың туындауына түрткі бола алады» (Голев, Н.Д., 2008) [Электронный ресурс].– Режим доступа: http://siberiaexpert.com/publ/rechevoj_konflikt_v_aspekte_mnozhestvennosti_interpretacii_rechevykh_proizvedenij_na_materiale_russkikh_igrovykh_tekstov/3-1-0-211.

Бұдан бөлек, сөзді қолдану барысында коммуниканттар арасындағы қақтығыстың алдын алуға бағытталған «Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле», «Сөз сүйектен өтеді», «Тіл тас жарады, тас жармаса – бас жарады», «Басқа бәле тілден» сияқты мақал-мәтелдер мен идиомаларда бекітілген әдептілік қағидалары немесе үйлесімді коммуникация шарттары бұзылады. Адресант тарапынан адресат-тұлғаға қарсы агрессиялы сөйлеу, оған қоғамдық көпшілік орындарда қолданылуына шектеу қойылған әдепсіз сөзді, әлеуметтік-мәдени норманың бұзылуы, балағатты (инвектива) және т.б. оның өзіндік бағасын төмендететін, кемсітетін сөзді тікелей бағыттап айтуы арқылы оны қорлау ниетін көздейтін сөйлеу актілері қақтығысты коммуникативтік сөйлеу жағдаятының туындауына түрткі болады.

Қақтығысты коммуникативтік жағдаят зерттеушілер тарапынан әртүрлі аспектілерде қарастырылған. Мысалы, Bihunov Dmytro коммуникативтік ыңғайсыздық (дискомфорт), коммуникативтік сәтсіздік, коммуникативтік дәйексіздік, коммуникативтік түсініспеушілік, коммуникативтік дау сияқты белгілерді қақтығысты коммуникативтік жағдаяттың құрылымдық сипаты ретінде, ал субъектілердің коммуникативтік және практикалық мақсаттары арасындағы қайшылықтары, қарым-қатынас нәтижелері, қарым-қатынас субъектілерінің жеке ерекшеліктері, сондай-ақ когнитивті диссонанс және «конфликтгендер», вербализацияның және түсіну процестерінің бұзылуы, коммуниканттардың әлеуметтік жағдайындағы айырмашылықтар сияқты факторларды қақтығысты жағдаяттың динамикалық сипаттары ретінде қарастырады (Bihunov D., 2018: 12).



1-сызба. Сөз қақтығысы: кооперативті және конфронтативті сөз қақтығысы

Алайда тіл басым жағдайда тұрмыстық т.б. мәселелермен байланысты туындаған қақтығыстар барысында өзара қарсы тараптар арасындағы коммуникация құралы болып та-

былады. Бұл орайда коммуниканттар тарапынан айтылатын сөздердің лингвистикалық, сонымен қатар экстралингвистикалық шарттары деп түсінілетін коммуникативтік жағдаяттағы

коммуниканттардың өзара ықпалдастығының екі түрі ажыратылады: 1) Кооперативті коммуникация. «Коммуниканттардың ортақ мақсатқа мойынсұнуы: коммуникацияға түсушілер бір-бірінің мүддесі туралы біледі және мүдделері өзара сәйкес келеді деп ойлайды» тұрғысындағы Г.П. Грайстің кооперация максимдерінің сақталуы, өзінді қарым-қатынас үдерісінде қарсы тараптың қалауына сәйкес ұстай білу, яғни «Сіз қарсы тараптың өзіңізбен қарым-қатынаста қалай ұстағанын қаласаңыз, өзіңізді дәл солай ұстау» (Дәйексөз Л.М. Шайкенова бойынша, 2007: 19, Grice, 1975: 41-45); сонымен қатар, коммуниканттар арасындағы әңгіме барысының «әдептілік, кеңпейілділік, мақұлдау, сыпайылық, келісім, ұнату» сияқты Дж. Лич постулаттарымен орайластығы сол коммуникацияның сәтті жүзеге асуындағы маңызды шарттар (Дәйексөз Л.М. Шайкенова бойынша, Leech, 1983). 2) Конфронтативті коммуникация (коммуниканттың өз серіктесінің мақсат-мүддесімен санасқысы келмей, оның қызығушылықтарын ескерместен өзіндік мақсаттарына қол жеткізуге талпынысы ретінде сипатталады. Конфронтативті стратегияның ішкі түрлері: агрессия және манипуляция). Сөйлеу актілері теориясын негіздеуші зерттеушілердің тұжырымдарының негізінде сөз қақтығысы және оның түрлеріне тән сөйлеу стратегиялары мен тактикаларын сызба түрінде төмендегідей бейнелеуге болады:

Тілдік құралдар көмегімен жүзеге асатын коммуникативтік жағдаят коммуниканттардың сөйлеу актілерінен тұрады. Ал сөйлеу актісі «өз құрылымында адресант (сөйлеуші субъект), адресат (тыңдаушы субъект) және олардың тұлғаралық қарым-қатынасына негізделген прагматикалық жағдаяттағы *мақсатты бағытталған сөйлеу әрекеттері*» ретінде» анықталып, оның негізгі белгісі қатарында «ниет (интенционалдық), мақсатқа ұмтылушылық және іздеп отырған жаңа салдарды туындату (ағыл. perlocution), яғни адресаттың (тыңдаушының) санасына немесе мінез-құлқына әсер ету» ерекшеліктері танылады (Шайкенова Л.М., 2007: 17-18).

Берілген ғылыми концепция тұрғысынан қарастырғанда, тұрмыстық қақтығыстарда фронтативті коммуникация стратегиясына сәйкес сөйлеу актілері адресаттың, яғни тыңдаушының көңіл-күйіне, мінез-құлқына жағымсыз әсер ету, адресат-тыңдаушының қорқыныш, үрейлену сезімін оятуға және адам ретінде кемсітуге де бағытталады.

Коммуникативтік жағдаяттағы сөйлеу стратегиясы зерттеушілер тарапынан «өз мақсатына қол жеткізуді көздейтін коммуниканттың айтатын сөз ретінің, сөйлеу жосығының алдын ала жоспарланған жиынтығы» (Гойхман О.Я., Надеина Т.М., 2001: 28), «коммуникативтік әрекет амалдарының таңдалуы және соған сәйкес тілдік құралдардың іріктелуі» (Макаров М., 2003: 167); «қарсы тараппен я адресатпен арада орнайтын коммуникативтік жағдаяттың тұтастай коммуникант санасында сарапталуы және коммуникант сөзінің өз мақсат-мүддесіне сәйкес ықпалдастықта құрылуы» (Труфанова, 2001: 24) деп анықталса, сөйлеу тактикасы «сөйлеу стратегиясы аясындағы жекелеген сөйлеу жосығы» (Труфанова В.Я., 2001: 24) түрінде анықталады.

Тұрмыстық т.б. экстралингвистикалық факторлар негізінде туындаған фронтативті қақтығысқа тән сөйлеу тактикаларын келесі түрде жинақтауға болады:

– Қарсы тарапқа немесе адресатқа оның өзіндік Кісілік бағасына кері әсер ететін, кемсітетін жағымсыз семантикалық сөздердің айтылуы (*мал, топас, тексіз, қайыршы, сорлы т.с.с.*);

– қоғамдық мораль тұрғысынан айыпталатын анайы немесе бейнормативті (боғауыз я боктық) лексиканың қолданылуы;

– адресаттың-тыңдаушының қорқыныш, үрейлену сезімін оятуға бағытталған сөйлеу актілерінің айтылу мүмкіндігі (*ісім сенімен болсын, болды. ... Сенің түбіңе жетпей мен қоймайм ... Кірген есігіңнен шықпай қаласың*)

– адресатқа залал келтіретін әрекеттің имлицитті немесе эксплицитті берілуі (*көкеңді көзіңе көрсетем, сенің жаныңды аламын, артыңды ашамын...*) Мысалдар Whatsapp жеке чаттарынан алынған.

Конфронтативті коммуникация үдерісіндегі сөйлеу тактикасы адресант адресатқа қандай да бір залал келтіретін әрекетінің жүзеге асырылу мүмкіндігіне адресатты кәміл сендіруге бағытталады: 1) Адресант адресаттың мекенжайын біледі, яғни тауып ала алады: «*Сенің жұмысың білмейт деп жүрсің ба, үйін білмейт деп жүрсің ба дедім да. Сука, мал. Тығылма*». 2) Адресант өзінің адресаттың өміріне қауіп төндіретін әрекетінің әзіл емес, шынында жүзеге асыратынын білдіреді: «*Е, ісім сенімен болыпатыр, уайымдамай-ақ қой*». 3) Адресант өзінің адресаттың сонына түскенін білдіреді: «*Бля, ісім сенімен болсын, болды Қам жеме*» (Мысалдар Whatsapp жеке чаттарынан алынған).

Бұл сияқты деректер тіл иеленуші санасында қақтығысты коммуникативтік жағдаяттың (ҚКЖ) я сөз қақтығыстарының қайсыбір субъект-коммуниканттар және олардың өзара вербалды әрекетінен тұратын типтік құрылымдық модель түрінде орнығуына негіз болады: коммуниканттар (қақтығысқа түсушілер); коммуниканттар арасындағы қарама-қайшылық факторлары (көзқарас, мүдде, пікір, баға, құндылықтар тұрғысындағы түсініктер т.б. алшақтықтар); қақтығысқа түрткі (себеп) сөйлеу актісі (СА); қақтығысқа түрткі сөйлеу актісі салдарында адресаттың зардап шегуі; мезгілдік және кеңістіктік созылымдық. Коммуникативтік жағдаяттың қақтығысты сипат алуына басым

жағдайда инвектордың (тіл тигізуші, қорлаушы) коммуниканттың тыңдаушының көңіл-күйіне, мінез-құлқына жағымсыз әсер ететін, адресаттың тыңдаушының қорқыныш, үрейлену сезімін оятатын және адам ретінде кемсітетін сөздері себепкер болса, инвектор сөзінен эмоционалдық және психикалық тұрғыда жәбірленуші субъект – инвектум да коммуникативтік жағдаяттың құрамдас элементі ретінде орын алады. Қақтығысты коммуникативтік жағдаяттың субъектілері, факторы, сонымен қатар сцена және олардың ретімен жүзеге асуы (сценарий) оны тұтас фрейм ретінде қарастыруға және төмендегідей сызба түрінде тұжырымдауға мүмкіндік береді:



2-сызба – Қақтығысты коммуникативтік жағдаят (ҚКЖ) моделі

Қақтығысты коммуникативтік жағдаят деректері адамды тілдік құралдар көмегімен қорлау әрекеті түсінігін және оны бағалаудағы нақты өлшемдердің анықталуын қажет етіп, юрислингвистика саласындағы зерттеулерге жол ашты. Тұлғааралық, топаралық т.б. коммуникацияда адресаттың қалыпты психологиялық күйіне тілді қолдану арқылы жағымсыз әсер ету жағдайлары туралы түрлі терминдер қалыптасты: *тілдік зомбылық, тілдік агрессия,*

балағаттау, тіл тигізу, кемсіту, агрессивті сөйлеу. Бұл ұғымдардың барлығы сөйлеу актісі ретінде адресатқа жағымсыз әсер ету, мағыналық жағынан жағымсыз семаны қамтитын лексикалық бірліктердің болуы сияқты ортақ белгілері болғанымен, қайсыбір жағдайларда олардың өзара ажыратылатынын көреміз:

Агрессивті сөйлеу немесе тілдік агрессия деректері балағаттау, тілдік зомбылық, тіл тигізу жағдайларына қарағанда, бұқаралық

коммуникацияда басым көрініс береді. Өйткені бұқаралық коммуникациядағы агрессивті сөйлеудің негіздемесінде әлеуметтік, саяси және психологиялық факторлар орын алады. Сондықтан жеке жағдайлардан бөлек агрессивті сөйлеудің нысаны әлеуметтік мәселелер шешіміне жауапты құзыретті мекемелер немесе лауазымды тұлға, саяси астарлы тақырыптағы мәселеде билік, үкімет, партиялар т.б. болып жатады.

Адресатқа деструктивті (жағымсыз) ықпал етуге бағытталатын тілдік агрессия және агрессивті сөйлеуге тән лингвистикалық белгілер келесі түрде анықталады:

- Адресат немесе агрессивті сөйлеу нысаны тек жекелеген тұлғалар ғана емес, сонымен қатар заңды тұлғалар (мекеме, ұйым, билік т.б.) мүмкін;

- адресаттың (сөйлеу нысанының) жеке тұлғасы туралы теріс баға жағымсыз ақпараттар тарату арқылы деструктивті ықпал етуге бағытталады;

- сөйлеу нысанына қатысты жеккөрушілік, жаулық сезімін білдіру үшін тілдік құралдардың қолданылуы;

- тыңдарманның я оқырманның сөйлеу нысанына (адресатқа) қатысты жағымсыз экспрессивті сезімін, агрессивті күйін тудыру сипатына ие конфликтогенді сөйлеу жосығы;

- тыңдарманды я оқырманды сөйлеу нысанына (адресатқа) қарсы агрессивті әрекетке тура үндеудің білдірілуі;

- Балағат, боқтық сияқты бейнормативті лексика тән емес;

Демек, тілдік агрессияның басты белгілері қатарында оның тұрмыстық саламен ғана шектелмейтіні, масс-медиа құралдарында көрініс беру мүмкіндігі және агрессивті сөйлеу әрекетінің саяси, қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді қамтуы мен құзыретті органдар мен лауазымды тұлғаларға да бағытталуы болып табылады. Сондықтан да тілдік агрессия «Үйлесімді сөйлеу әдебіне қайшы агрессивті сөйлеу қазіргі қоғамда интолерантты қызмет атқарады» (Гамалей Т. В., 2006: 21) деп бағаланады. Және «этникалық я бір конфессия топтарына бағытталып айтылған кез келген жөн-жосықсыз (некорректные) сөйленістер» түрінде де анықталады (Кожевникова Г.В., 2006: 97). Қазақстандық зерттеушілер қатарында А.К. Алтаева өзге ұлт я дін өкілдеріне қатысты оқырмандардың жағымсыз бағасын, дұшпандық сезімін тудыруға бағытталған масс-

медиа жарияланымдарында тілдік агрессия көріністерін өшпенділік тілі тұрғысынан талдайды: «Өшпенділік тілін біз кез-келген этникалық және діни топтармен немесе олардың өкілдерімен байланысты бұрмаланған, теріс мәлімдеме деп түсінеміз. Өшпенділік тілі қандай да бір адамдар тобының дініне, жынысына, нәсіліне, ұлтына қарай кемсіту, алалау немесе оған шақыру болып табылады» (Алтаева А.К., 2021: 205). Осындай сипаттарға ие масс-медиа жарияланымдарын өшпенділік тілі, яғни тілдік агрессия көрінісі және ұлттық, діни т.б. алауыздықты қоздыру дерегі ретінде заңгерлік қағидаттарға сәйкес лингвистикалық талдау әдістемесі Р.Д. Қарымсақова, А. Э. Сыбанкулов авторлығымен жарық көрген әдістемелік еңбекте қарастырылған (Қарымсақова Р.Д., Сыбанкулов А. Э., 2019).

Адресатқа деструктивті (жағымсыз) ықпал етуге бағытталатын сөйлеу әрекеті қатарында *тілдік зомбылық* та қарастырылады. Зерттеушілердің ғылыми тұжырымдарына қарағанда, тілдік зомбылық – коммуникативтік садизмнің құрамдас бөлігі я бір көрінісі. Тілдік зомбылыққа байланысты мына түрдегі тұжырымдар айтылған: «Әлеуметтік иерархиялық субординативті немесе институционалды қарым-қатынас барысындағы сөйлеу жағдаятының тілдік құралы ретінде орын алуы мүмкін. Басым жағдайда жекелеген тұлғаға қарсы бағытталуы мүмкін» (Шахматова Т.С., 2013: 271);

Адресатқа деструктивті (жағымсыз) ықпал етуге бағытталатын сөйлеу әрекеті қатарында қарастырылатын қорлау сөйлеу актісіне тән басты белгілердің бірі – «адресаттың әлеуметтік рөлін төмендету, кемсіту» (Кусов Г.В., 2011: 85) және «әлеуметтік дискриминация (кемсітушілік)» (Волкова Я.А., 2012) деп көрсетеді.

Сайып келгенде, қорлау сөйлеу актісі үдерісінде адресаттың сыртқы келбеті, Кісілік қасиеттері туралы жағымсыз бағалаушытық сөйленістер емес, оның қоғамдағы Кісі қатарындағы орнын жоққа шығаруға, әлеуметтік мәртебесін төмендетуге бағытталған иллюкутивті сөйленістерді білдіреді. Мұндай қақтығысты иллюкутивтік сөйлеу актілері лауазым, қайсыбір жағдайларда жас, жыныс т.б. өлшем бойынша әлеуметтік иерархия аса айқын жағдайларда орын алуы кездеседі. Қорлау сөйлеу актілерінің лингвистикалық талдауы қақтығысты коммуникативтік жағдаяттағы коммуниканттардың әлеуметтік рөлдері туралы мәліметтерді ескеруді қажет етеді. Бұл тұрғыда

жас, жыныс, лауазым сияқты әлеуметтік өлшемдердің, коммуникацияның ресми және бейресми сипатын танытатын лексикалық бірліктер семантикасы, грамматикалық көрсеткіштер маңызды орын алады.

Адресаттың әлеуметтік мәртебесін төмендетуге бағытталған сөйленістердің коммуникативтік мақсаттары:

– Тұлғаның (адресаттың) әлеуметтік иерархияның төменгі сатысындағы орнына байланысты оның сөзінің мәнісін білдіру, таңдау жасау еркі бойынша адами құқығын таптау, әлеуметтік қамтылу тұрғысындағы сезіміне, құндылығына зиян келтіру.

Мысалы: Бастық Х. бұрынғы орманшы А-ның жұмыс барысындағы сыни ескертулеріне қарсы оның жұмыстан кетуіне мәжбүрлейтін «Ойбай, А., сенің шаруаң болмасын, мына жұмыстан кет, мен сені істетпеймін, шық, болды, ары қарай еңбек қорғау бөліміне жазасың ба, қаржы полициясына жазасың ба, прокуратураға жазасың ба, мен өзім шешіп аламын» деген сөзі қоластындағы қызметшінің (инвектумын) жұмыстан кетуіне қалу тұрғысынан таңдау жасау құқығына қарсы келеді. «Түркістан облысы: Әкімнің туыстары қорғалуы тиіс орманды бизнеске айналдырған» (16.09.2020 ж. КТК телеарнасы) <https://www.youtube.com/watch?v=oiXFYqId8nM>

– Субъект (адресант) я инвектум әлеуметтік иерархияда өзінің үстемдігін, адресатқа өктемдігін инвектордың қызметтік міндеттерін бұрмалау, қызметтік қысым көрсету мазмұнындағы сөздері арқылы оған психикалық, моральдық залал шектіру.

Мысалы: С-ның мектеп ауласындағы газонды шабу өз міндетіне жатпайтындықтан, шөп шабудан бас тартуына (С.: «Шаппаймын» ол менің жұмысым емес») байланысты К-нің тарапынан айтылған «Шөпті шабасың, шаппаймын» дейді ғой «долбоёб», «керек, құлағыңа құйып алмайсың ба?» «шаппасаң қолмен шапқызамын...» агрессивті сөйленістеріне тілдік зомбылық әрекеті тән.

Баяндалған коммуникативтік жағдаятта К-нің сөйлеу актілері С-ның әлеуметтік мәртебесі жағынан (қызметі бойынша) өзінен төмен екендігін, С-ның өзіне бағынышты екенін, ал өзінің одан мәртебесінің жоғарылығын, өз басымдығын тұжырымдау мақсатын көздейді:

Қарастырылып отырған қақтығысты сөйлеу жағдаятында «Шабасың» сөзі бұйрық рай формасында және сыпайы емес, анайы бейресми

түрде берілген. Бұл тікелей бұйрықты ғана емес, «шаппаймын дейді ғой» сөзімен байланысында адресат – С-ның сөзінің мүлдем ескерілмейтіні, талқылауға жатпайтыны тұрғысынан К-нің өктемдігін білдіреді. Баяндалған коммуникативтік жағдаятты саралай келгенде, К-нің С-ға айтқан сөздері адресаттың тұлға ретіндегі бағасын мына тілдік және әлеуметтік коммуникативтік өлшемдер тұрғысынан алғанда төмендетеді: а) қосымша алынған мәлімет бойынша К. өзінің жас жағынан С-дан кішілігіне қарамастан, бұйрық райдың анайы формасында сөйлеген; ә) К. қызмет барысындағы жалпыға бірдей «Сіз» ресми формасын қолданбаған; б) К. өзінің әлеуметтік иерархия бойынша басымдығын пайдалана отырып, С-нің өз міндетіне енбейтін шаруаны істеуге мәжбүрлейді, яғни оның таңдау жасау еркіне шектеу қояды; в) К-нің С-ға «құлағыңа құйып алмайсың ба?» сөзі сұраулы формада тұрғанымен «айтқанды ұқпайсың» мазмұнындағы айыптау мәнін немесе «ұғып, тиянақты түсініп алу керек» деген кеңес беру мәнін қамтиды. Бұл соңғы жағдай адресаттың субъективті қабылдауымен тікелей байланысты, олардың өзара қайсыбір көз көрген жақын я қызметтес адамдар ретінде жанашырлықпен айтты деп қабылдау / қабылдамауымен де байланысты. Егер мұндай субъективтік қабылдау орын алмаған жағдайда «құлағыңа құйып алмайсың ба?» сөзі С-ның әлеуметтік мәртебесін, тұлға (адам) ретіндегі орнын менсінбеген сипат танытады, себебі, бұл К. сұраулы сөзінің мазмұнында «айтқанды ұқпайтын, әлі кісі ретінде қалыптаспаған, шалағай» адам сипаты қамтылған; в) С-ның құлағының «ауырлығын» (мүкістігін) ескерсек, К. тарапынан айтылған «Құлағыңа құйып алмайсың ба?» сөзі оның осы кемістігін жағдайды пайдалана отырып, мысқылмен еске салу, бетіне басу арқылы, оның (адресаттың) жанын ауырту мақсатын көздеуі мүмкін. Және жәбірленушінің, яғни С-ның К. сөзін дәл осы тұрғыдан қабылдағаны оның сот төрелігіне жүгінуінен байқалады.

Тұлғаның Кісі қатарындағы орнын жоққа шығаруға, әлеуметтік мәртебесін төмендетуге бағытталған жоғарыдағыдай қақтығысты сөйлеу деректерінің лингвистикалық сараптамалары *Қорлау* сөйлеу актісінің 2 түрлі факторын алға тартады:

1) Коммуникативтік садизм, яғни субъектінің өз әлеуметтік мәртебесінің басымдығын, күшінің өктемдігін түйсіне отырып, вербальды / бейвербальды құралдар көмегімен адресатқа

саналы түрде психикалық, моральдық, әлеуметтік-материалдық залал шектіру я залал келтіру әрекеті, өзіндік таңдау жасау еркіне шектеу қою.

2) Әлеуметтік иерархия, яғни коммуникацияда субъектінің әлеуметтік өлшем бойынша басқаға немесе басқаларға үстемдігіне негізделген құрылым (лауазым бойынша: бастық және оның қол астындағылар; тұрмыстық үстемдік: отбасындағы ер және әйел рөлдері; жас мөлшері, жұмыс өтілі т.с.с.).

Коммуниканттардың әлеуметтік иерархиядағы орындары және онымен байланысты коммуникативтік садизм қорлау сөйлеу актісінің экстралингвистикалық факторлары қатарында қақтығысты жағдаятты талдау барысында анықталады. Және заңгерлік тұрғыдан айыпталатын қорлау әрекеті – коммуникативтік садизм ретінде инвектумды құқықтық таңдауда шектеу мәнісін я коммуникативтік ниетін қамтитын сөйленістерден тұрады.

Әлеуметтік иерархиялық теңсіздік жағдайындағы қақтығысты коммуникацияда адресаттың әлеуметтік мәртебесіне, әлеуметтік құқықтарына нұқсан келтіру оның шыққан тегін, болмысын кемсітетін балағат сөздерді пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

Қайсыбір лингвомәдени қауымдастықта тұлғаны (адресатты) көпшілік алдында «тексіз» деп атау оның әлеуметтік иерархиядағы мәртебесінің, қоғамдағы орнының төмендеуіне алып келеді.

Осыған байланысты зерттеушілер тарапынан сот-лингвистикалық сараптама теориясы мен тәжірибесінде вербальды құралдарды пайдалану арқылы қорлау әрекеті қылмыстық және азаматтық кодекстердің ұстанымдарына қарай сараланатыны көрсетіледі: «Қылмыстық кодекс тұрғысынан *қорлау* деп саралау үшін сөйленістің формасы маңызды болса, Азаматтық кодексте сөйленістің айтылу я берілу формасы емес (әдеби лексика, стильдік жағынан орынды сөздер болуы мүмкін), талапкердің әлеуметтік мәртебесіне инвектор тарапынан келтірілген шығын дәрежесі маңызды».

Демек, қылмыстық кодекс ұстанымына сәйкес тұлғаны әдепсіз түрде кемсіту арқылы оған психикалық зардап шектіру бағытындағы иллокутивтік сөйлеу актісінің қорлау деп саралануында қоғамдық-моральдық нормалар тұрғысынан айыпталатын инвективті лексика нысанға алынса, азаматтық кодекс бойынша тұлғаның Кісі қатарындағы әлеуметтік

орнының кемсітілуі нысанға алынады. Соңғысына басым жағдайларда әлеуметтік иерархиядағы субординативті (тең емес) қарымқатынас түрткі болады. Мұның бір мәнісі құқықтың жалпыхалықтық тілдегі көріністерін қарастыратын лингвоюристикалық тілдік деректердің бірі – «Аузы қисық болса да, байдың ұлы сөйлесін» мақалының астарында қамтылған. Гендер, лауазым, жас мөлшері т.б. өлшемге құрылған және қайсыбір жағдайда этномәдени сипатқа ие әлеуметтік иерархияда көрініс беретін тілдік зомбылықтар, агрессивті сөйлеу үдерісінде адресаттың қоғамда әлеуметтік орны бар тұлға ретіндегі құндылығының тапталуы азаматтық істердегі қорлау сөйлеу актісінің белгісі болу мүмкіндігі бүгінгі күні зерттеушілер тарапынан қарастырылуда. Бұл орайда зерттеуші Т.С. Шахматованың мына ғылыми тұжырымын ұсынамыз: «Еуропалық сот тәжірибесінде, сондай-ақ Ресейдегі сот-лингвистикалық сараптама тәжірибесінде азаматтық сот ісін жүргізуде қорлаудың негізгі критерийі «тіл тигізу (P.S. яғни, психикалық жәбірлеу) әсері» емес, «(P.S. Кісі қатарындағы қоғамдық әлеуметтік рөлі бойынша) төмендету әсері» болып табылады, бұдан бөлек ондай иллокутивтік сөйлеу актісінің ықпалы «психикалық зардап шектіру» мақсатын көздемеуі де мүмкін (бұл мақсат екінші я қосалқы орын алуы немесе мүлдем болмауы мүмкін)» (Шахматова Т.С., 2013: 275). Яғни, автор азаматтық сот ісі бойынша қорлау сөйлеу актісінде «инвектумның әлеуметтік рөлі бойынша құқығының төмендетілуі» мүмкіндігі туралы айта келіп, инвектор стратегиясының «қудалау (репрессия), жұмыстан шығару, теріс ұсыныстар (рекомендация)» сияқты тілдік тактикалар көмегімен қорлау ниеті жүзеге асырылатынын көрсетеді.

Сөйтіп, азаматтық істерде «*қорлау* сөйлеу актісінің иллокутивтік ықпалы адамның өзіндік әлеуметтік қамтылғандық сезіміне зиян келтіру ниеті тұрғысынан да бағалануы керек. Басқаша айтқанда, *қорлау* сөйлеу актісі жағдаятын талдау кезінде әңгімеге қатысушылар рөлдерінің әлеуметтік бөлінуін, қатысушылардың әлеуметтік иерархиядағы позициясын (инвектордың мәртебелік, масс-медиалық артықшылықтарының болуы) ескеруге, перлокутивтік компонент үшін жұмыс істейтін барлық нәрсе – сөйленісті оның адресатқа тигізетін ықпалымен үйлестіретін жағдайға ерекше назар аудару керек» деп тұжырымдайды.

Қорытынды

Жоғарыдағы тараушаларда қарастырылған қақтығысты сөйлеу жағдаятының түрлі көріністері мен деректері, қорлау сөйлеу актісінің лингвистикалық сипаттары оны құқықтық саралау өлшемдерінде маңызды екенін көруге болады. Нақты айтқанда, қақтығысты сөйлеу әрекеті масс-медиа жарияланымдарында және нақты коммуникативтік жағдаяттарда көрініс береді. Масс-медиада тілдік агрессия субъект (жеке тұлға, заңды тұлға, әлеуметтік топтар, ұлт, дін немесе олардың өкілдері) туралы жағымсыз я бұрмаланған мәліметтер мен кемсіту сөздері, оларға қарсы физикалық күш қолдану, зорлық-зомбылыққа шақыру сияқты белгілерді қамтиды. Ал қақтығысты коммуникативтік жағдаят моделінде инвектор

/ инвектум арақатынасы, қақтығысты сөйлеу актісінің мақсатқа бағыттылығы және сөйлеу стратегиялары мен тактикалары маңызды орын алады. Қақтығысты сөйлеу әрекеті иллокутивтік акт және коммуникативтік садизм ретінде адресатқа психикалық, моральдық, әлеуметтік-материалдық залал шектіру, қайсыбір жағдайда өзіндік таңдау жасау еркіне шектеу қою сияқты тілдік құқықбұзушылыққа жол беруі мүмкін. Бұл тұрғыда, яғни құқықбұзушылықтың тілдік белгілерін анықтауда қақтығысты сөйлеу жағдаятындағы тілдің агрессивті қолданысын я қорлау сөйлеу актісін коммуникативтік ниет, иллокутивтік мақсат, сөйлеудің формасы мен мазмұны, инвектор мен инвектумның әлеуметтік мәртебесі мен әлеуметтік иерархиядағы орны т.б. өлшемдері бойынша жүргізілетін лингвистикалық талдаудың нәтижелері басты орын алады.

Әдебиеттер

- Bihunov Dmytro Communicative situations: the standard and the conflict ones // Psychological journal, May 2018, 15(5):9-23 https://www.researchgate.net/publication/326259537_COMMUNICATIVE_SITUATIONS_THE_STANDARD_AND_THE_CONFLICT_ONES
- Рикёр, П. Конфликт интерпретаций. – М.: Медиум, 1995.
- Голев, Н.Д. Речевой конфликт в аспекте множественности интерпретации речевых произведений: Сайт «Сибирская ассоциация лингвистов-экспертов» [Электронный ресурс]. – Режим доступа: http://siberiaexpert.com/publ/rechevoj_konflikt_v_aspekte_mnozhestvennosti_interpretacii_rechevykh_proizvedenij_na_materiala_russkikh_igrovykh_tekstov/3-1-0-211.
- Шайкенова Л.М. Сөйлеу актілерінің теориясы: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 66 бет.
- Grice H.P. Logic and Conversation // Speech Acts. – New York: Academic Press, 1975. – P. 41-58.
- Leech G. Principles of pragmatics. New York: Longman, 1983.
- Гойхман О.Я., Надеева Т.М. Речевая коммуникация. – Москва: Инфра-М., 2001. – 208 с.
- Макаров М. Основы теории дискурса. – Москва: Гнозис, 2003. – 192 с.]
- Труфанова В.Я. Путь к общению. A Way to Social Interaction. – Москва: Русский язык, 2001. – 58 с.
- Гамалей Т. В. Речевая агрессия в Дагестане // Повышение культуры русской речи в поликультурной среде. Махачкала, 2006. С. 21-22.
- Коженикова Г. В. Язык вражды: Типология ошибок журналиста // Прикладная конфликтология для журналистов. М., 2006. С. 95-98.
- Алтаева А.К. Өшпенділік тілі – ұлттық, діни қақтығыстардың негізі // Сборник материалов: международная научно-практическая конференция «Традиции и активные процессы в устной и письменной коммуникации языка / Ауызша және жазба коммуникациядағы дәстүр мен белсенді үдерістер», посвященная 70-летию юбилею профессора А.М. Алдаш. – Алматы, 2021. – 204 – 209 бб.
- Қарымсақова Р.Д., Сванкулов А. Э. Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, таптық немесе діни араздықты жандандыру туралы істер бойынша сот-филологиялық сараптама: қысқаша анықтамалық // Құрастырушы авторлар: «Тұран» университеті «Журналистика және аударма ісі» кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты Қарымсақова Р.Д., Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі сот сараптамасы Орталығының Алматы қаласы бойынша Сот сараптамасы Институтының бас сарапшысы филология магистрі Сванкулов А. Э. – Алматы, 2019. – 96 бет.
- Шахматова Т.С. Оскорбление как инструмент языкового насилия в речевых ситуациях институционального общения // Ученые записки казанского университета Том 155, кн. 5 Гуманитарные науки 2013. 267-278.
- Кусов Г.В. Общие и частные задачи криминалистического обеспечения лингвистической экспертизы // Исторические, философские, политические и юридические науки, культурология и искусствоведение. Вопросы теории и практики. – Тамбов: Грамота, 2011. – № 5–3. – С. 84–89.
- Волкова Я.А. Приёмы коммуникативного садизма в деструктивном общении // Сибирская ассоциация лингвистов-экспертов: II Интернет-конференция по юрислингвистике и судебной лингвистической экспертизе (2012). URL: http://siberiaexpert.com/publ/konferencii/konferencija_2012/ja_a_volkova_priemy_kommunikativnogo_sadizma_v_destruktivnom_obshhenii/10-1-0-284, свободный.)

«Түркістан облысы: Әкімнің туыстары қорғалуы тиіс орманды бизнеске айналдырған» (16.09.2020 ж. КТК телеарнасы) <https://www.youtube.com/watch?v=oiXFYqId8nM>

Austin J.L. How to do things with words. – Cambridge (Mass.): Harvard Univ. Press, 1962. – IX, 166 p.

Макаренко Г.С. Конфликтный текст как объект лингвистического исследования: структурно-семантический и прагматический аспекты. Дис. . канд. филол. наук: 10.02.01 / – ФГБОУ, Башкирский госуд.ун-т, 2018. –192 стр.

Голев Н.Д. Юридизация языковых конфликтов как основание их типологии // Юрислингвистика-9: Истина в языке и праве: Межвузовский сборник научных трудов./ под ред. Н.Д. Голева. – Кемерово; Барнаул: Изд-во Алт. Ун-та, 2008. – С. 136-155.

References

Altaeva A.K. Hate speech is the basis of national and religious conflicts // Collection of materials: international scientific-practical conference "Traditions and active processes in oral and written communication of the language / Auyzsha zhane zhazba kommunikationdagy dastir men belsendi uderister", dedicated to the 70th anniversary of Professor A.M. Aldash. – Almaty, 2021. – 204 – 209 pages.

Austin J.L. (1962). How to do things with words. – Cambridge (Mass.): Harvard Univ. Press. – IX, 166 p. (in English)

Bihunov Dmytro Communicative situations: the standard and the conflict ones // Psychological journal, May 2018, 15(5):9-23. (in English) https://www.researchgate.net/publication/326259537_COMMUNICATIVE_SITUATIONS_THE_STANDARD_AND_THE_CONFLICT_ONES

Volkova İa.A. (2012). Priomy komunikativnogo sadizma v destruktivnom obşenii [Techniques of communicative sadism in destructive communication] // Sibirskaiia asosiasia lingvistov-ekspertov: II İnternet-konferensia po iurislingvistike i sudebnoi lingvisticheskoi ekspertize. – URL: http://siberia-expert.com/publ/konferencii/konferencija_2012/ja_a_volkova_priemy_kommunikativnogo_sadizma_v_de_struktivnom_obshhenii/10-1-0-284, свободный.) (in Russian)

Gamalei T. V. (2006). Rechevaia agresia v Dagestane [Speech aggression in Dagestan] // Povyşenie kŭltury ruskoi rechi v polikŭlturnoi srede. Mahachkala. S. 21-22. (in Russian)

Goihman O.İa., Nadeina T.M. (2001). Rechevaia komunikasia [Speech communication]. – Moskva: İnfra-M.. – 208 p. (in Russian)

Golev N.D. Rechevoi konflikt v aspekte mnojestvenosti interpretasii rechevyh proizvedeni [Speech conflict in the aspect of the multiplicity of interpretation of speech works]: Sait «Sibirskaiia asosiasia lingvistov-ekspertov» [Elektronnyi resurs].– Rejim dostupa: http://siberiaexpert.com/publ/rechevoj_konflikt_v_aspekte_mnozhestvennosti_interpretacii_rechevykh_proizvedenij_na_materiale_russkikh_igrovykh_tekstov/3-1-0-211

Golev N.D. (2008). İuridizasia iazykovyh konfliktov kak osnovanie ih tipologii [The legitimization of language conflicts as the basis of their typology] // İurislingvistika-9: İstina v iazyke i prave: Mejevuzovski sbornik nauchnyh trudov./ pod red. N.D. Goleva. – Kemerovo; Barnaul: İzd-vo Alt. Un-ta. – p. 136-155. (in Russian)

Grice H.P. (1975). Logic and Conversation // Speech Acts. – New York: Academic Press. – P. 41-58. (in English)

Karymsakova R. D., Svankulov A. E. Forensic philological examination in cases of initiation of social, national, ancestral, racial, class or religious enmity: a short reference // authors-compilers: Associate Professor of the Department of Journalism and Translation of the University "Turan", Candidate of Philological Sciences Karymsakova R. D., Associate Professor of the Center of Forensic Examination of the Ministry of Justice of the Republic of Kazakhstan Almaty Chief expert of the Institute of Forensic Expertise in the specialty Master of Philology Svankulov A. E.-Almaty, 2019. – p. 96. (in Kazakh)

Kojevnikova G. V. (2006). İazyk vrajdy: Tipologia oşibok jurnalista [The language of enmity: Typology of journalist's mistakes] // Prikladnaia konfliktologia dlä journalistov. M. – P. 95-98. (in Russian).

Kusov G.V. (2011). Obşie i chastnye zadachi kriminalisticheskogo obespechenia lingvisticheskoi ekspertizy [General and particular tasks of forensic support of linguistic expertise] // İstoricheskie, filosofskie, politicheskie i iuridicheskie nauki, kŭlturologia i iskusstvedenie. Voprosy teorii i praktiki. – Tambov: Gramota. – № 5–3. – 84–89 pp. (in Russian)

Leech G. (1983). Principles of pragmatics. New York: Longman. (in English)

Makarenko G.S. (2018). Konfliktnyi teks kak obekt lingvisticheskogo issledovania: struktarno-semanticheski i pragmaticheski aspekty [Conflict text as an object of linguistic research: structural, semantic and pragmatic aspects]. Dis. . kand. filol. nauk: 10.02.01 / – FGBOU, Başkirski gosud.un-t. –192 p. (in Russian)

Makarov M. (2003). Osnovy teorii diskursa [Fundamentals of discourse theory]. – Moskva: Gnozis. – 192 p. (in Russian)

Rikör, P. (1995). Konflikt interpretasi [Conflict of interpretations]. – M.: Medium. (in Russian). – 167 p.

Şaikenova L.M. (2007). Söileu aktleriniñ teoriasy [Theory of speech acts]: Oqu qŭraly. – Almaty: Qazaq universiteti. – 66 p. (in Kazakh)

Şahmatova T.S. (2013). Oskorblenie kak instrument iazykovogo nasilia v rechevyh situasiah institucionälnoĝo obşenia [Insult as a tool of linguistic violence in speech situations of institutional communication] // Uchenye zapiski kazanskogo universiteta Tom 155, kn. Gumanitarnye nauki. 267-278 pp. (in Russian)

Trufanova V.İa. (2001). Püt k obşeniu. [A Way to Social Interaction]. — Moskva: Ruski iazyk. — 58 p. (in Russian)

Türkistan oblysy: Äkimniñ tuystary qorĝaluy tiis ormandy bizneske ainaldyrĝan» ["Turkestan region: relatives of the mayor turned the protected forest into a business"] (16.09.2020 j. KTK telearnasy) <https://www.youtube.com/watch?v=oiXFYqId8nM>. (in Kazakh)